



Қазақстандық мерзімді басылымдардағы тілдік агрессия құбылысының имплицитті көрінісі («Жас Алаш» қоғамдық-саяси газетінің мысалы негізінде)

А.Р. Мұханбетжанова^{1*}, С.Е. Тапанова²

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

* Байланыс үшін автор: muhammedzhanova_90@mail.ru

Аңдатпа. Бүгінгі таңда коммуникациядағы агрессия құбылысы күшейіп, оны ғылыми тұрғыдан зерттеу мәселесі өзекті болып тұр. Тілдік агрессия тек виртуалды коммуникацияға емес, тұлғааралық қарым-қатынасқа да үлкен әсерін тигізіп жатыр. Тілдік агрессия БАҚ-та және әлеуметтік желілерде кеңінен қолданылуда. Аталмыш құбылыс ашық түрде ғана емес, имплицитті (жасырын) түрде де көрініс табады. Тілдік агрессияның имплицитті түрін анықтау қиын. Ол қоғамдық пікір қалыптастырып және шиеленістерді күшейтіп қана қоймай, елдегі моральдық-әлеуметтік ахуалға да ықпал етеді. Зерттеуде «Жас Алаш» республикалық қоғамдық-саяси газетіндегі тілдік агрессия құбылысы талданған. «Жас Алаш» газетіндегі тілдік агрессияны зерттеу барысында имплицитті агрессия талданып, оның оқырманға әсер ету механизмдері қарастырылды. Мақалада шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулеріне сілтемелер жасалған. Бұл медиа саласындағы жасырын тілдік агрессияның табиғаты мен салдарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мақалада алынған нәтижелер медиасауаттылықты арттырудың және тілдік агрессияны азайту үшін тиімді стратегияларды әзірлеудің қажеттілігін көрсетеді. Сонымен қатар, бұл зерттеу тілдік агрессияның қоғамдағы бейбітшілік пен өзара түсіністікке қалай кері әсер ететінін анықтауға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Түйін сөздер: тілдік агрессия, БАҚ, медиамәтін, қоғамдық пікір, тілдік импликаатура.

Кіріспе

Бүгінгі күні медиа тілдік, әлеуметтік-психологиялық және мәдени жағдайларға тікелей әсер ететін маңызды салаға айналды. Ақпарат кеңістігі заманауи ықпалды құрал ретінде адамдардың ойлау жүйесіне, дүниетанымына және әлемді қабылдауына үлкен

ықпал етіп, қоғамның көңіл-күйіне де әсер ететіні жасырын емес. Соңғы кездері қоғамда негативті күйдің артуы да байқалады. Соған орай, бүгінгі күні ғалымдар тарапынан медиадағы агрессия, оның ішінде тілдік агрессия ұғымына деген қызығушылық едәуір артты. Бұл адам қызметінің барлық салаларында, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында агрессия деңгейінің өсуімен байланысты.

Бұқаралық ақпарат құралдарында және адам өмірінің басқа да салаларында агрессияның кең таралуы тілдік агрессия құбылысына ерекше назар аударуға себеп болуда.

Саяси түсіндірме сөздікте агрессия ұғымы келесідей сипатталады: агрессия (латынша агрессия – шабуыл) – біріккен ұлттар ұйымының жарғысына қайшы, мемлекеттің егемендігіне, саяси тәуелсіздігіне қарсы бағытталған тікелей немесе жанама күш қолдану. Агрессия тұжырымдамасын БҰҰ Бас Ассамблеясы 1974 жылы желтоқсанда мақұлдады. Агрессия белгілі бір мемлекет басқа мемлекетке қарсы бірінші болып күш қолданған кезде пайда болады. Қарулы шабуыл-аса қауіпті түрі. Сонымен қатар, агрессияның экономикалық, идеологиялық, психологиялық формалары да бар. Біріккен ұлттар ұйымының Жарғысы агрессияны айыптайды. Қазіргі халықаралық құқықтың талаптарына сәйкес әр мемлекет, әр адам агрессия әрекеттері үшін жауап береді. Агрессия саяси, экономикалық, қылмыстық немесе моральдық сипатта болуы мүмкін. Агрессияның алдын алу-кез-келген мемлекеттің, халықтың және бейбітшілікті сүйетін демократиялық күштердің басты міндеті [1]. Ал біздің мақаламызда қарастыратынымыз БАҚ-тағы тілдік агрессия құбылысы болып табылады.

Өшпенділік тілінің өршуі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ол жеке адамдардың мәселесі ғана емес, күллі адамзаттың мәселесіне айналды десек артық айтқандық емес. Ғаламтордың жаһандануы да мәселені жандандырып, әлеуметтік медианың дамуы адамдар арасындағы агрессияны өршітіп жібергені жасырын емес.

Өшпенділік тілі сөз бостандығымен, жеке, топтық және азшылық құқықтарымен, сондай-ақ қадір-қасиет, бостандық және теңдік ұғымдарымен күрделі байланыста. Әдетте, өшпенділік тілі жеке адамдарға немесе топтарға қарсы зорлық-зомбылық пен өшпенділік тудыратын сөздерді, оның ішінде белгілі бір топқа қарсы зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауға шақыратын, қорқытатын немесе ынталандыратын лексиканы білдіреді. Сондай-ақ бұл топты шеттету процестері арқылы мақсатты шабуылдарға немесе қудалауға әкелуі мүмкін біржақтылық пен төзімсіздік атмосферасын құруға ықпал етеді [2].

Maxime Leroutree өз еңбегінде өшпенділіктің түрлі пікірталас тудыратын тақырыптардың бірі деп атап өтеді. Өшпенділік тілі деп ғалым қоғамның басқа мүшелерінің еркін және тең азаматтар ретіндегі негізгі мәртебесін жоққа шығаратын хабарламаларды айтады. Нақтырақ айтқанда, ол көптеген пікірталастарды ұстанады, өшпенділік тілін осал әлеуметтік топтарға жататын адамдардың осы топтарға жататындығына байланысты негізгі ұстанымын жоққа шығару деп санайды. Мұнда екі нәрсені атап өткен жөн. Біріншіден, өшпенділік тілі тек ауызша ғана емес, сонымен қатар осы

пропозициялық мазмұнды жеткізу үшін пайдалануға болатын барлық платформаларды (баспа кескіндерін қоса) қамтиды. Екіншіден, хабарламаға агрессиялы сипат беретін бұл адамның эмоциясы емес, керісінше хабарламаның мазмұны [3].

Тілдік агрессия ұғымы стилистикалық таңбаланған тілдік құралдарды қолданудан бастап, қарсыластың коммуникативтік әрекетін бұзуға дейінгі көп өлшемді құбылыс. Ол әр түрлі коммуникативті салада көрініс табады: ойды жобалаудан бастап, мәтін құру тәсілдерінде, тілдің лексикалық және грамматикалық құралдарында [4].

Ғалымдардың пікірінше, тілдік агрессия қазіргі коммуникацияның әмбебап тіліне айналды, агрессия бүкіл тілдік кеңістікті қамтып, коммуникацияның барлық саласына енуде. Бұл құбылыстың таралуының себебі қазіргі зерттеулерде көрсетілген, жаһандану дәуірінде ақпарат арналарының саны және олардың бұқаралық санаға әсерінің артуы. Қазіргі тілдік агрессияның функциялары «тұрмыстық» деңгейден асып, «саяси» деңгейге ауысты, атап айтқанда: егер бұрын тілдік агрессия негізінен адамның жеке басын қорлауға бағытталған болса, қазіргі уақытта ол аудиторияға әсер ететін идеологиялық құралға айналып отыр [5].

Қорлау сөйлеу актісі үдерісінде адресаттың сыртқы келбеті, кісілік қасиеттері туралы жағымсыз бағалауыштық сөйленістер емес, оның қоғамдағы кісі қатарындағы орнын жоққа шығаруға, әлеуметтік мәртебесін төмендетуге бағытталған иллокутивті сөйленістерді білдіреді. Мұндай қақтығысты иллокутивтік сөйлеу актілері лауазым, қайсыбір жағдайларда жас, жыныс т.б. өлшем бойынша әлеуметтік иерархия аса айқын жағдайларда орын алуы кездеседі. Қорлау сөйлеу актілерінің лингвистикалық талдауы қақтығысты коммуникативтік жағдаяттағы коммуниканттардың әлеуметтік рөлдері туралы мәліметтерді ескеруді қажет етеді. Бұл тұрғыда жас, жыныс, лауазым сияқты әлеуметтік өлшемдердің, коммуникацияның ресми және бейресми сипатын танытатын лексикалық бірліктер семантикасы, грамматикалық көрсеткіштер маңызды орын алады [6].

Тілдік агрессия ақпарат кеңістігінде әр түрлі пішінде көрініс табуы мүмкін: қорлау, жағымсыз не зиянды нәрсеге баса назар аудару, дисфемизация, сонымен қатар, тікелей айыптау, жасырын сөгіс және жанама айыптау. Жеке адамға, адамдар тобына, халыққа, ұйымға, елге және басқа да адресатқа қатысты теріс бағалаудың кез келген көрінісі тілдік агрессия болып саналады.

Агрессияның дамуы интернеттің жаһандық деңгейде дамуымен де тығыз байланысты. Интернет елдер арасындағы кедергілерді бұзатын күшке ие, бірақ ол жеке кеңістіктерді бөлетін жаңа кедергілер де жасады. 2014 жылдың қаңтар айындағы жағдай бойынша Facebook-тің 1,24 миллиард пайдаланушысы болды, егер олар азаматтар ретінде есептелсе, Қытай мен Үндістаннан кейін әлемдегі үшінші үлкен мемлекетті құрайтын еді. Дегенмен, Facebook сияқты әлеуметтік желілерді пайдаланушылар тек ұлттық заңдарға ғана емес, сонымен қатар өз пікірлерін білдіретін платформаларға иелік ететін компаниялар белгілеген пайдалану шарттарына да бағынады. Жаңа онлайн кеңістіктер көптеген демократиялық парадигмаларды ақпаратпен қамтамасыз ету және саяси, әлеуметтік және экономикалық мәселелер бойынша пікірталастарды ілгерілету арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік бергенімен, олар сондай-ақ өшпенділік тудыратын

пікірлерді жариялау немесе орналастыру үшін салыстырмалы түрде қауіпсіз кеңістік ретінде қызмет етеді. Ол зорлық-зомбылық пен адам құқықтарының бұзылуына әкеліп соқтырады, өйткені интернет анонимділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Әлеуметтік медиа да саяси белсенділіктің сипатын жылдам өзгертуде; экстремалды бағытты ұстанушылар жаңа платформаларды пайдалана алады, өйткені олар жиі негізгі форумдар мен дәстүрлі арналардан шығарылады. Интернетті пайдалану мен қолжетімділіктің артуы, сондай-ақ медиа-контенттің әртүрлі түрлерін жариялау, тарату және тұтыну кезінде өшпенділік мәселесі жаңа формаларға ие болуы мүмкін [2].

Бұқаралық коммуникацияның электронды жаһандануы тілдік агрессияның өршуіне қолайлы мүмкіндік тудырып отыр. Себебі онлайн коммуникацияға түскен тілдік тұлғалар жаңа өлшеммен өлшенеді. Олар интернетте бетперде кию арқылы аноним болып қалу мүмкіндігіне ие болады. Бұл оларға коммуникация үдерісін жеңілдетіп, психологиялық тосқауылдарды игеруге жол ашады. Осылайша шығармашылық «менін», ішкі ойын еш қымсынбай қалаған формасында жеткізе алады. Ал бұл жағдай коммуниканттардың түрлі дәрежі, боғауыз, былапыт, жағымсыз сөздерді қолдануына қолайлы жағдай жасайды [7].

Мәтінде агрессиялық құбылыстың жасырын түрде орын алуы агрессияның имплицитті көрінісі деп аталады. Тілдік агрессияның бұл түріне келесі факторлар жатады: диффамация, деректерді бұрмалау, заңсыз жалпылау, ирония, сарказм, мысқылдау, сондай-ақ, коммуникацияның пассивті формалары.

Тілдік агрессия мәселесін А.Алтаева, Р.Қарымсақова, А. Таусоғарова, Л.Рацибурская, Н.Петрова, В.Маевский, В.И.Жельвис, Л.Енина, Т.Воронцова, А.Басс, К.Е.Изарджәне т.б. ғалымдар зерттеген.

Зерттеу әдісі

Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік медиада агрессияның артуына байланысты тілдік агрессия өзекті ғылыми тақырыпқа айналып отыр. Зерттеудің негізгі мақсаты-әртүрлі тілдік механизмдер арқылы көрінетін жасырын агрессияны анықтау. Теориялық база ретінде біз В. Маевскийдің еңбегіне, атап айтқанда оның «Қазіргі БАҚ мәтіндеріндегі жасырын тілдік агрессия» мақаласына сүйендік, онда британдық медиа мәтіндердегі агрессивті көріністердің ерекшеліктері қарастырылады. В. Маевский агрессияның ашық және жабық түрлеріне назар аударады.

Бұқаралық коммуникация контекстіндегі лингвистикалық агрессия құбылысына бағытталған бірқатар беделді зерттеулерге негізделген ғылыми-теориялық талдаудың нәтижесінде біз бірнеше негізгі аспектілерді анықтадық. Л. Рацибурская мен Н.Петрованың «БАҚ-тағы тілдік агрессия» жұмысына ерекше назар аударылады, онда медиа мәтіндердегі агрессивті өрнектің түрлері мен формаларына егжей-тегжейлі талдау жасалған. Аталмыш оқу құралында ұсынылған зерттеулерге сүйендік, онда посткеңестік мемлекеттердегі агрессияның өсу құбылысы егжей-тегжейлі қарастырылады. Сонымен

қатар, осы елдердің медиа кеңістігіндегі агрессивті тенденциялардың күшеюіне ықпал ететін әлеуметтік, саяси және мәдени факторларды талдап, ақпарат құралдарына контент-анализ жасалған.

Мақаланың басты міндеттерінің бірі агрессияның жасырын түрлерін талқылап және олардың қоғамдық санаға әсеріне баса назар аудара отырып, осы құбылыстың түрлі аспектілерін жан-жақты зерттеу болып табылады. Мақалада агрессия саласындағы мәселелергетеориялық және практикалық тұрғыдан зерттеуге талпыныс жасалды, бұл қазіргі қоғамдағы бұқаралық коммуникация тетіктерін тереңірек түсіну үшін маңызды.

Тілдік агрессияны зерттеу – бұл адамның тіл арқылы бір-біріне немесе қоғамға агрессивті әрекеттер көрсетуін түсіну мақсатында жүргізілетін зерттеу процесі. Тілдік агрессия адамдар арасындағы қарым-қатынаста, әлеуметтік медиа, саясат, бұқаралық ақпарат құралдарында және басқа да салаларда кеңінен тараған құбылыс. Осыған орай, тілдік агрессияны зерттеу әртүрлі әдістермен жүзеге асырылады. Олардың негізгі түрлері:

1. Дискурстық талдау.

Дискурстық талдау тілдік агрессияның мәтіндерде, ауызша коммуникацияда немесе жазбаларда қалай көрінетінін анықтауға бағытталған әдіс. Бұл әдіс тілдің әлеуметтік, саяси және мәдени контекстердегі қолданысын зерттейді.

Құрылымдық талдау әдісі арқылы тілдің құрылымын, сөздердің байланысын және агрессивті сөздердің мағынасы мен олардың қоғамдағы рөлін талдау.

Риторикалық әдістер агрессивті тілдің риторикалық құрылымдарын, мысалы, қорлау, мазақ ету, айыптау сияқты тәсілдерін зерттеуге көмектеседі.

Ауызекі тілде әлеуметтік және мәдени контексте тілдік агрессияның қалай көрініс табатынын және оның қолданыс аясын зерттеуге болады.

2. Психолингвистикалық әдіс.

Бұл әдіс тіл мен адамның психологиясы арасындағы байланысты зерттейді. Тілдік агрессияның психологиялық аспектілерін түсіну үшін психолингвистикалық әдіс қолданылады.

Когнитивті аспектілер агрессияның психологиялық механизмдерін, оның ойлау мен эмоциялармен байланысын зерттейді

Күй мен тіладамның эмоциялық күйі мен тілдік агрессия арасындағы байланысты қарастырады (мысалы, ашулану, көңіл-күй өзгерістері).

Психологиялық ықпал әдісі барысында агрессиялық тілдің адамның психикасына, өзіне немесе басқаларға әсері зерттеледі.

3. Контент талдау.

Контент талдау – бұл мәтіндердегі ақпаратты жүйелі түрде зерттеу әдісі, әсіресе бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде кездесетін тілдік агрессияны талдауда қолданылады.

Медиа мәтіндерді зерттеу: Газет, журнал, телевидение, интернет-ресурстардағы тілдік агрессияны талдау.

Семантикалық талдау: Қолданылатын сөздер мен тіркестердің мағыналарын және олардың агрессияны туғызуындағы рөлін зерттеу.

Тілдік агрессияны зерттеу әдістері түрлі салаларды қамтиды және әртүрлі аспектілерді талдауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік, психологиялық, когнитивті, мәдени және лингвистикалық тұрғылардан агрессияның көріністері мен себептерін зерттеу, оның қоғамға, адамға және қарым-қатынасқа ықпалын түсінуге жол ашады.

Зерттеу нәтижелері мен талдау

Тілдік агрессия коммуникацияның кез келген түрі сияқты тікелей және имплицитті түрде көрініс табады.

Имплицитті тілдік агрессия сарказм, ирония, біреудің беделін қасақана түсіру, вербалды дискриминация, тіпті диффамация арқылы тілде көрініс табуы мүмкін.

Ғалымдар тілдік құбылыстардың мағыналық жағын да көп зерттейді. Осыған орай, коммуникация кезіндегі ақпаратты эксплицитті/имплицитті беру жолдары ғалымдардың үлкен қызығушылығын тудыруда. Бұл зерттеуде тілдік агрессияның имплицитті формасы қарастырылады

Имплицитті тілдік агрессияға тілдік демагогия құбылысын, адресатқа жанама (тікелей емес) әсер ететін, яғни оған «тілдік механизмдердің мүмкіндігін пайдалана отырып, керек идеяларды тікелей айтпай, жанама түрде таңу» жатады. Осындай әдістердің бірі тілдік импликацияларды қолдану.

Жасырын тілдік агрессия кілт сөздерде айқын көрінеді, өйткені ғаламторда ақпаратты тарату саясатына сәйкес, олар бұқаралық ақпарат құралдарының жарияланым материалын интернеттің іздеу жүйелерінің алдыңғы қатарына шығарады, сондықтан оны жариялайды. Бұл реципиенттердің идеологиялық көзқарастарын өзгертуге мүмкіндік береді, ал басылымдарға бұқаралық ақпарат құралдарының рейтингінде жетекші орынға ие болуға көмектеседі. Сонымен қатар, кілт сөздердің эмоционалды-экспрессивті бояуының арқасында мақсатты аудиторияның материалды оқу мүмкіндігі артады [5].

Тілдік импликация дегеніміз – мәтінде тікелей айтылмайтын, бірақ жалпы тілдік қарым-қатынас негізінде белгілі бір идеяны жанама білдіретін мәтін.

Тілдік импликация манипуляцияның және қандай да бір оқиғаға теріс баға беруге ыңғайлы құрал болып табылады. Қажет жағдайда мәтін авторы әрқашан «жасырын» (импликацияланған) мәлімдемеден бас тарта алады. Мысалы, «Егер мұғалімдер ереуілге шықса, онда жергілікті билік өз жалақысын тағы көтерген. Мұғалімдер енді сайлауға барғанда, олардың жергілікті билікке дауыс беруі екіталай». Бұл жерде журналист мұғалімдердің жалақысын көтеруге арналған ақша шенеуніктердің айлығын өсіруге кетті деп жазса, оны «жала жабу» ісі бойынша айыптауға болар еді. Импликация немесе эллипсис аудиторияға эмоционалды қысым құралы ретінде жиі қолданылады [8].

Практикалық бөлімнің объектісіне «Жас Алаш» қоғамдық-саяси газетіндегі мақалалардың тақырыптары алынды. «Жас Алаш» газетінде ирония, сарказм, тұспалдау сияқты имплицитті коммуникацияның тәсілдері көп қолданылатыны анықталды.

«Жас Алаш» газеті – республикалық қоғамдық-саяси газет. Газеттің оппозициялық бағытта болғанына орай шығар бәлкім, бұл басылымда тілдік имплицатураның көп кездесетіні байқалады.

«Жас Алаш» газетінен алынған материалдарда анықталған тақырыптардағы имплицитті агрессия көрінісі бойынша талдау жасалды.

Газет мақалаларының тақырыптарына талдау жасау барысында имплицитті факторлар айқындалды.

Мысалы, «Жас Алаш» газетінің сайтында 16.08.2023 ж. шыққан «Гүл дауы. Видео қаһармандарының бірі қызметінен кетті» [9] деген мақалада ер адамдардың гүл дүкенінде бұзақылық жасағаны, ол адамдардың бұрынғы полиция қызметкері және мемлекеттік қызметкер екені анықталған болатын. Бұл жерде «қаһарман» деп, бұзақылық жасаған мемлекеттік қызметкердің бейнесін сарказм ретінде беріп тұр. Яғни, аталмыш тәсіл оқырманға эмоционалды-психологиялық тұрғыдан әсер етіп тұр.

«Сұлтанғазиев, Досаев, Скляр, Сүлейменова... «Барбилерге» бәрібір» атты мақалада «Барби» сөзінің әйгілі қуыршаққа немесе әлемді шулатқан фильмге түк қатысы жоқ. Аты аталған шенеуніктердің одан да жоғары билікке бағынышты екенін, үлкен саяси ойынның шеңберінде жүруге мәжбүр деген ой түюге болады [10]. Мұндай имплицатураларды пайдалану теріс ақпараттық фон қалыптастыратыны да жасырын емес.

«Ұлттық банк» 2030-ға әлі сенеді екен» (19.10.2023 ж. №84). Бұл мысалда конвенциялық емес имплицатура көрінісі байқалады. «Бұған қатысты Ұлттық банк бүгінде «Ұлттық қор активтерін басқару жөніндегі 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының жобасын» жариялап та үлгерді. Бас банк пен үкімет бұл мақсатқа активтерді басқарудың тиімділігін арттыру арқылы жете саламыз деп ойлайды екен» деп жалғастырады автор. Яғни, бұл заголовок контекстін автор «Қазақстан-2030» реформасымен имплицитті түрде байланыстырып тұрғандай түсінуге болады. Ал банк соған сенеді деп имплицатураны пайдаланып, ол өз кезегінде банкке қатысты эмоционалды фон тудырып тұр [11].

«Ұйқыдағы арулар» «Сайлаудан кейін партиялардың бетінен кім сүйеді?». Мақаланың атауы көрсетіп тұрғандай, сайлаудан кейін саяси науқанның елімізде бәсеңсіп, саяси партиялардың белсенділігінің төмендейтінін «ұйқыдағы арулар» тіркесі арқылы меңзеп, эмоционалды фон жасап тұр [12]. «Бірақ біздегі партиялардың президент сайлауында немесе мәжіліс пен мәслихат сайлауында «күрескер» болып шыға келетіні жасырын емес. Алдағы 2024 жылы ең алғаш аудан әкімдерін сайлаудың пилоттық жобасын қолға аламыз. Міне, сол кезде «ұзақ мерзімді» демалысқа кеткен саяси партиялардың мүшелерін тани бастауымыз әбден мүмкін» деген мақаланың кіріспе мәтінінде саяси партияларды «күрескер», «ұзақ мерзімді» сияқты имплицатураларды қолдану арқылы саяси партиялардың қызметіне баға беріп тұр.

«Бір жылда 147-ақ күн оқып, бәсекеге қабілетті болғымыз келеді». Аталмыш мақала тақырыбы бес күндік білім беру жүйесінің тиімсіздігіне және бұл бастаманың бәсекеге қабілеттілік саясатына мүлде қайшы екеніне меңзейді [13].

«Бейсембаевтың өзі хиджаб киіп кете жаздады». Бұл мақалада түсінгеніміздей дін мәселесі талқыланған. Елдегі діни мәселенің республикалық деңгейге жеткенін

журналист министрдің аты-жөнін хиджаб сөзімен байланыстырып, ушыққан діни ахуалды тақырыптағы импликатура арқылы сипаттап тұр.

Мысалдарда көрсетілген тілдік агрессия мен стереотиптер – бұл заңды бұзбайтындықтан, тыйым салынбайтын агрессия түрі. Мұндай сарындағы ақпараттық фон қоғамның жай-күйін қалыптастырып, билікке немесе белгілі бір топқа деген наразылық күй тудыруы мүмкін.

Қорытынды

Басылымды талдау нәтижелері көрсеткендей, жасырын агрессияда тұспалдау, ирония, сарказмәдістері басым, бұл авторға өзінің теріс пікірін тікелей білдірмеуге мүмкіндік береді, бір ақақпаратты қабылдау барысында негативті фон қалыптастыруға әсерін тигізеді. Газетте пайдаланылған импликатуралар авторлық позицияны жасырын білдірудің тиімді жолы екені анықталды.

Зерттеу нәтижесінде біз қазіргі заманғы бұқаралық ақпарат құралдарындағы импликатуралар қоғамдық пікір қалыптастыруға әсерін тигізеді деген қорытындыға келдік.

Сондай-ақ, жаңалықтар жарияланымдарындағы тілдік агрессия құралдарының жиілігі неғұрлым жоғары болса, мұндай мәтіндердегі аналитика мен объективті ақпарат деңгейі соғұрлым төмен болады.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, саяси-қоғамдық мәселелерге қатысты мақалаларда мақсатты аудиторияға өз пікірлерін таңу арқылы оқырманға болжамды әсер ету үшін жасырын тілдік агрессиясының әдістері көп қолданылады.

«Жас Алаш» газетіндегі мақалаларға шолу жасай отырып, қазақ тілді басылымдарда да тілдік агрессия құбылысы, оның ішінде имплицитті агрессия құбылысы пайдаланылатынын анықтадық.

Осылайша, тілдік агрессия қазіргі ақпараттық кеңістіктегі қоғамдық пікірді қалыптастыру мен басқарудың маңызды факторларының біріне айналып отыр. Аталмыш құбылыс бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, әлеуметтік желіде де белсенді қолданылуда.

Зерттеу барысында БАҚ-тағы имплицитті агрессия көріністеріне талдау жасай отырып, бірнеше маңызды тұжырымдарға тоқталдық. Біріншіден, қазіргі қоғамда, әсіресе жастар арасында, ақпаратқа қолжетімділік оңайлағанымен, оның мазмұнын сыни тұрғыда бағалау дағдыларының жетіспеушілігі байқалады. Сондықтан жастардың ақпараттық және медиасауаттылығын арттыруға бағытталған кешенді шараларды қолға алу қажет. Екіншіден, қоғамдық сананы манипуляциялау қаупін азайту үшін БАҚ-тың ақпарат таратуда жауапкершілікке негізделген көзқарас ұстануы қажет.

Жалпы, зерттеудің нәтижелері БАҚ-тағы тілдік агрессияны азайту және қоғамдағы ақпараттық мәдениетті жақсарту бағытында нақты қадамдар жасау қажеттігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Саяси түсіндірме сөздік. [Электронды ресурс]. URL: <https://sozdikqor.kz/sozdik/?id=135> (Жүгінген күні: 25.03.2024)
2. Gagliardone I. Mapping and Analysing Hate Speech Online//SSRN. –2014.01.05. DOI:<http://dx.doi.org/10.2139/ssrn.2601792>
3. Lepoutre M. Hate Speech in Public Discourse: A Pessimistic Defense of Counterspeech//Social Theory and Practice. – 2017. - 43 (4). - P.851-883. DOI: <https://orcid.org/0000-0001-7573-8585>
4. Яковлева Ю.В. Проявления речевой агрессии на страницах российских газет (полемика 2015 г. об опере «Тангейзер») // Медиаскоп. – 2016. Вып. 2. URL: <http://www.mediascope.ru/?q=node/2098>
5. Маевский В.М. Имплицитная речевая агрессия в текстах современных британских СМИ // Вестник Волгоградского государственного университета. Серия 2, Языкознание. – 2022. – Т. 21, № 4. – С. 111–122. DOI: <https://doi.org/10.15688/jvolsu2.2022.4.8>
6. Таусоғарова А.Қ., Жолдасбек Л.О., Сабырбаева Ф.Е. Коммуникативті жағдаяттағы қақтығысты сөйлеу актілері // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 2 (190). – 2023. 112–122 б. DOI: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v190.i2.ph11>
7. Жұмағұлова А.А. Онлайн коммуникациядағы тілдік агрессия: лингвоэкологиялық аспект // «Абай және адамзаттық гуманизм» халықаралық форум материалдары. – Нұр-Сұлтан, – 2020. – 253-259 б.
8. Петрова Н.Е., Рацибурская Л.В. Язык современных СМИ: средства речевой агрессии: учеб. пособие / – Москва, 2011. – С. 160.
9. Гүл дүкені дауы. Видео қаһармандарының бірі мемлекеттік қызметтен кетті. «Жас Алаш» газеті. [Электронды ресурс]. URL: <https://zhasalash.kz/news/gul-dukeni-dauy-video-qaharmandarynyn-biri-memlekettik-qyzmetten-ketti-25394/> (Жүгінген күні: 16.08.2023)
10. Асхат А. «Барбилерге» бәрібір. «Жас Алаш» газеті. [Электронды ресурс]. URL: <https://zhasalash.kz/news/sultangaziev-dosaev-sklyar-sulejmenova-barbilerge-baribir-25171/> (Жүгінген күні: 01.08.2023)
11. Зарыққанқызы Қ. Ұлттық банк 2030-ға әлі сенеді екен. «Жас Алаш» газеті. [Электронды ресурс]. URL:<https://zhasalash.kz/news/ulitik-bank-2030-ga-al-sened-eken-f9f149/> (Жүгінген күні: 23.10.2023)
12. Зарыққанқызы Қ. «Ұйқыдағы арулар». Сайлаудан кейін партиялардың бетінен кім сүйеді? «Жас Алаш» газеті. [Электронды ресурс]. URL: <https://zhasalash.kz/news/uykidagi-arular-saylaudan-keyn-partiyalardin-betnen-km-suyed-77092d/> (Жүгінген күні: 28.09.2023)
13. Ахметжанұлы А. Бір күнде 147-ақ күн оқып, бәсекеге қабілетті болғымыз келеді. «Жас Алаш» газеті. [Электронды ресурс] URL: <https://zhasalash.kz/news/ayatzhan-ahmetzhanuly-pedagog-bir-zhylda-147-aq-kun-oqyp-basekege-qabiletti-bolgymyz-keledi-25793/#> (Жүгінген күні: 10.09.2023)
14. Шөке Ж. Бейсембаевтың өзі хиджаб киіп кете жаздады. «Жас Алаш» газеті. [Электронды ресурс]. URL: <https://zhasalash.kz/news/bejsembaevtyn-ozhi-hidzhab-kiip-kete-zhazdady-25554/> (Жүгінген күні: 26.08.2023)

A.R. Mukhanbetzhanova, S.E. Tapanova

The implicit manifestation of the phenomenon of linguistic aggression in Kazakhstani periodicals (On the example of the socio-political newspaper “Zhas Alash”)

Abstract. Today, the phenomenon of aggression in communication is becoming more acute, and the problem of its scientific study is becoming urgent. Language aggression has a great impact not only on virtual communication, but also on interpersonal communication. Language aggression is widely used in the media and social networks. This phenomenon manifests itself in an open and implicit (hidden) form. It is difficult to determine the implicit form of linguistic aggression. It not only shapes public opinion and increases tension, but also affects the moral and social situation in the country. The study analyzes the phenomenon of linguistic aggression in the republican socio-political newspaper “Zhas Alash.” During the study of linguistic aggression in the newspaper “Zhas Alash”, implicit aggression was analyzed and the mechanisms of its impact on the reader were considered. The article provides links to research conducted by scientists from both foreign and domestic scientists. This allows for a deeper understanding of the nature and consequences of implicit linguistic aggression in the media sphere. The results obtained in the article emphasize the need to improve media literacy and develop effective strategies to reduce language aggression. In addition, this study is an important step towards clarifying how linguistic aggression negatively affects peace and mutual understanding in society.

Keywords: linguistic aggression, mass media, media text, public opinion, linguistic implicature.

А.Р. Муханбетжанова, С.Е. Тапанова

**Имплицитное проявление феномена языковой агрессии
в казахстанских периодических изданиях
(На примере общественно-политической газеты «Жас Алаш»)**

Аннотация. Сегодня обостряется явление агрессии в коммуникации, становится актуальной проблема ее научного изучения. Языковая агрессия оказывает большое влияние не только на виртуальное общение, но и на межличностное общение. Языковая агрессия широко используется в СМИ и социальных сетях. Данное явление проявляется в открытой и в имплицитной (скрытой) форме. Имплицитную форму языковой агрессии определить сложно. Она не только формирует общественное мнение и усиливает напряженность, также влияет на морально-социальную ситуацию в стране. В исследовании проанализировано явление языковой агрессии в республиканской общественно-политической газете «Жас Алаш». В ходе исследования языковой агрессии в газете «Жас Алаш» анализировалась имплицитная агрессия и рассматривались механизмы ее воздействия на читателя. В статье приведены ссылки на исследования, проведенные учеными как зарубежных, так и отечественных ученых. Это позволяет глубже понять природу и последствия имплицитной языковой агрессии в медиасфере. Результаты, полученные в статье, подчеркивают необходимость повышения медиаграмотности и разработки эффективных стратегий снижения языковой агрессии. Кроме того, это исследование

является важным шагом к выяснению того, как языковая агрессия негативно влияет на мир и взаимопонимание в обществе.

Ключевые слова: языковая агрессия, СМИ, медиатекст, общественное мнение, языковая импликатура.

References

1. Sajasi tusindirme sozdik. [Political Explanatory Dictionary]. [Electronic resource] Available at: <https://sozdikjaor.kz/sozdik/?id=135> (Accessed: 04.07.2024). [in Kazakh]
2. Gagliardone I. Mapping and Analysing Hate Speech Online//SSRN.-2014.-01.05. Available at: DOI: <http://dh.doi.org/10.2139/ssrn.2601792>.
3. Lepoutre M. Hate Speech in Public Discourse: A Pessimistic Defense of Counterspeech//Social Theory and Practice.-2017.-43 (4). – P.851-883. URL: DOI: <https://orcid.org/0000-0001-7573-8585>.
4. Jakovleva Ju.V. Projavlenija rechevoj agressii na stranicah rossijskih gazet (polemika 2015 g. ob opere «Tangejzer») // Mediaskop. [Manifestations of speech aggression on the pages of Russian newspapers (2015 polemic about the opera “Tannhäuser”)], 2016. №. 2. Available at: <http://shshshshh.mediascope.ru/?ja=node/2098>. [in Russian]
5. Maevskij V.M. Implicitnaja rechevaja agressija v tekstah sovremennyh britanskix SMI // Vestnik Volgogradskogo gosudarstvennogo universiteta. Serija 2, Jazykoznanie. [Implicit speech aggression in the texts of modern British media // Bulletin of Volgograd State University. Series 2, Linguistics], – 2022. – T. 21, № 4. – P. 111-122. DOI: <https://doi.org/10.15688/jvolsu2.2022.4.8> [in Russian]
6. Tausogarova A.K., Zholdasbek L.O., Sabyrbaeva F.E. Kommunikativti zhagdajattagy kakygysty sojleu aktileri // KazUU Habarshysy. Filologija serijasy. [Acts of conflict speech in a communicative situation // Bulletin of Kaznu. Philology series], №2 (190). P.112–122. Available at: <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v190.i2.ph11>. [in Kazakh]
7. Zhumagulova A.A. Onlajn kommunikacijadagy tyldyk agressija: lingvojekologijalyk aspekt// «Abaj zhane adamzattyk gumanizm» halykaralyk forum materialdary [Linguistic aggression in online communication: linguoecological aspect // materials of the international forum Abai and humanism]. – Nur Sultan, – 2020. – P. 253-259. [in Kazakh]
8. Petrova N.E., Raciburskaja L.V. Jazyk sovremennyh SMI: sredstva rechevoj agressii: ucheb. posobie [Petrova N.E., Ratsiburskaya L.V. Language of modern mass media: means of speech aggression : textbook – M. – Nauka, 2011. – P. 160. [in Russian]
9. Gul dukeni dauy. Video qaharmandarynyn biri memlekettik qyzmetten ketti, «Zhas Alash» gazetі. [Flower shop controversy. One of the heroes of the video left the civil service. Newspaper "Zhas Alash"]. [Electronic resource]. Available at: <https://zhasalash.kz/neshhs/gul-dukeni-dauy-video-jaaharmandarynyn-biri-memlekettik-jayzmetten-ketti-25394/>. (Accessed: 16.08.2023). [in Kazakh]
10. Asan A. «Barbilerge» barybyr, «Zhas Alash» gazety. ["Barbies" don't care. Newspaper "Zhas Alash"]. [Electronic resource]. Available at: <https://zhasalash.kz/neshhs/sultangaziev-dosaev-skljar-sulejmenova-barbilerge-baribir-25171/> (Accessed: 01.08.2023) [in Kazakh]
11. Zarykkankyzy K. Ultytk bank 2030-ға ali senedi eken, «Zhas Alash» gazetі. [It turns out that the National Bank still believes in 2030. Newspaper "Zhas Alash"]. [Electronic resource]. Available at:

<https://zhasalash.kz/neshhs/ulttik-bank-2030-ga-al-sened-eken-f9f149/>. (Accessed: 23.10.2023). [in Kazakh]

12. Zarykkankyzy K. «Ujkydagy arular». Sajlaudan kejin partijalardyn betinen kim syjedi? «Zhas Alash» gazetі. ["Sleeping Beauties". Who kisses parties on the face after elections? Newspaper "Zhas Alash"]. [Electronic resource]. Available at: <https://zhasalash.kz/neshhs/uykidagi-arular-saylaudan-keyn-partijalardin-betnen-km-suyed-77092d/>. (Accessed: 28.09.2023). [in Kazakh]

13. Ahmetzhanuly A. Bir kynde 147-ak kyn okyp, basekege kabiletти болgymyz keledi, «Zhas Alash» gazetі. [We want to study for only 147 days in one day and be competitive. Newspaper "Zhas Alash"]. [Electronic resource]. Available at: <https://zhasalash.kz/neshhs/ajatzhan-ahmetzhanuly-pedagog-bir-zhylda-147-aja-kun-ojajp-basekege-jaabiletti-bolgymyz-keledi-25793/#>. (Accessed: 10.09.2023). [in Kazakh]

14. Shoke Zh. Bejsembaevtyn ozi hidzhab kiip kete zhazdady. «Zhas Alash» gazetі. [Beisembayev himself almost put on the hijab. Newspaper "Zhas Alash"]. [Electronic resource]. Available at: <https://zhasalash.kz/neshhs/bejsembaevtyn-ozі-hidzhab-kiip-kete-zhazdady-25554/>. (Accessed: 26.08.2023). [in Kazakh] National University, Astana, Kazakhstan.

Авторлар туралы мәлімет:

Мұханбетжанова А.Р. – хат-хабар авторы, аға оқытушы, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті, журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, А.Байтұрсынов көшесі, 47, 110000, Қостанай, Қазақстан.

Тапанова С.Е. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, А.Янушкевич көшесі, 6, 010008, Астана, Қазақстан.

Муханбетжанова А.Р. – автор корреспонденции, старший преподаватель кафедры журналистики и коммуникационного менеджмента, факультет социально-гуманитарных наук, Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы, улица А. Байтұрсынова, 47, 110000, Костанай, Казахстан

Тапанова С.Е. – доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л. Н.Гумилева, ул. А. Янушкевича, 6, 010008, Астана, Казахстан.

Mukhanbetzhanova A.R. – author of correspondence, senior lecturer at the department of journalism and communication management, faculty of social and humanitarian sciences, Kostanay Regional University named after Akhmet

Tapanova S.E. – Professor, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich street, 010008, Astana, Kazakhstan.